ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 12 сәуір дело №7119-24-00-2/3440 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
торағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Тігін» атауымен әрекет етуші Перизат Өзбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының жауапкер жеке кәсіпкер «Тігін» атауымен әрекет етуші Перизат Өзбекке қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Тігін» атауымен әрекет етуші Перизат Өзбек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Тігін» атауымен әрекет етуші Перизат Өзбектен талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System»

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына 50 000 (елу мың) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 500 (бір мың бес жүз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Тігін» атауымен әрекет етуші Перизат Өзбектен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтініхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Көшірме дұрыс
Судья Э.Е.Хасанова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 21 мамыр 2024 жылы енді.

Судья Э.Е.Хасанова

Құжатқа қол қойылған Жетібаев Ж.К., 12.04.2024